Бұның алдында жергілікті өзін-өзі басқарудың құқықтық негіздерін зерттеген жұмыстарға шолу жасаған кезде байқағанымыз, олардың ескіргенін және соған байланысты маңыздылығын жоғалтқан. Сонымен бірге, бұл жұмыстардың көпшілігі тек жергілікті өзін-өзі басқарудың заңнамалық негізіне басты назар аударады да, саяси бастамаларына көңіл бөлінбеген.

Проблеманы тұжырымдау. Жергілікті өзін-өзі басқару институтының тиімді жұмыс істеуі үшін оның заңдық негіздері дұрыс болуы қажет жергілікті өзін басқару институтының қалыптасуының саяси және құқықтық негіздерін қарастыру мақаланың негізгі мақсаты болып табылады. Зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін келесідей міндеттер қойылды:

- жергілікті өзін-өзі басқарудың негізі болған нормативтік-құқықтық актілерге

тарихи сипаттамалық талдау жасау;

- жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізуге себепші болған стратегиялық құжаттарға және саяси бастамаларға талдау жасау;

- осы саладағы заңнаманың әлемдік тәжірибедегі жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру қағидаттарына, соның ішінде «Жергілікті өзін-өзі басқарудың еуропалық хартиясына» сәйкестігін анықтау.

Зерттеу жұмысының әдістемесі. Біз қозғаған мәселені жазу үшін әдіснамалық негізі ретінде құқықтық және саяси құжаттарға салыстырмалы зерттеу әдістері қолданылды. Жергілікті өзін-өзі басқаруға берілген заңнамалық анықтамалар кеңінен қаралды. Қазақстандық заңнама хронологиялық сипатта талданып, Еуропалық хартияға сәйкестігіне талдау жасалды. Салыстырмалы шолу арқылы объективті зерттеу жүргізілді.

Қарастырылған құжаттар. Мақалада келесі нормативтік-құқықтық және стратегиялық құжаттарға талдау жасалды:

- 1991 жылы 15 ақпанда қабылданған «Жергілікті мемлекеттік өзін-өзі басқару мен ҚазССР Халық депутаттарының жергілікті Кеңестері туралы» ҚазССР Заңына;

- 1993 жылғы 10 желтоқсандағы «Жергілікті өкілді органдар туралы» ҚР Заңына»;

- 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына;

- 2001 жылдың 23 қаңтарында «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» ҚР Заңына;

- Еуропа Кеңесі 1985 жылғы 15 қазанда қабылдаған «Жергілікті өзін-өзі басқарудың еуропалық хартиясына»;

- 2012 жылы 28 қарашадағы ҚР Президентінің жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту Тұжырымдамасына»;

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы ұсынған «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» атты бағдарламасына;

- Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына арналған жолдауларына.

Нәтижелері. 1991 жылы қабылданған «Жергілікті мемлекеттік өзін-өзі басқару мен ҚазССР Халық депутаттарының жергілікті Кеңестері туралы» ҚазССР Заңының екінші бабында келесідей анықтама берілген екен: «жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі халық депутаттарының жергілікті Кеңесінен, сондай-ақ, жергілікті референдумдар, азаматтардың жиналыстары (жиыны), конференциялары, басқа да тікелей демократияның түрлері» [1].

«Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 желтоқсандағы «Жергілікті өкілді органдар туралы» Заңы» (бұдан әрі - Заң) қабылданғанға дейін мемлекеттік билік принципіне негізделген жергілікті мемлекеттік органдар жұмыс істеді. Жергілікті тұрғындар өкілдері, соның ішінде ауылдар да сайланатын жергілікті өзін-өзі басқару органдары - халық депутаттары кеңесі болды. Бұл өкілді органдар жергілікті атқарушы органдарды қалыптастырды. Кеңестер жергілікті өзін өзі басқару органдары болып танылды. 1993 жылғы 10 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 желтоқсандағы «Жергілікті өкілді органдар туралы» Заң жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүлдем басқа үлгісін енгізді.

Біріншіден, «мемлекеттік органдар» және «Кеңестер құрған атқарушы органдар» ұғымдары жоғалып кетті.

Екіншіден, өкілдік органдар (мәслихаттар) жергілікті атқарушы органдарды құрмайды; жергілікті әкімшіліктің басшысы жергілікті халықтың өкілі емес, ол енді Президент өкілі болып саналды [2].

Үшіншіден, өкілдік органдар аудандық деңгейге дейін қалыптасып, селолық (ауылдық) жерлерде құрылмайды; бірақ бұл өкілетті органдар халықтың мүдделерін ескере отырып, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің тұрғындарының еркін білдіруге және жүзеге асыру үшін қалыптасқанымен, жергілікті өзін өзі басқару органдары болып табылмайды.

Төртіншіден, Заңда «жергілікті өзін-өзі басқару» ұғымы енді кездеспейді, басқа ұғым енгізіледі – «кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ азаматтары өкілдерінің жиналысы». Азаматтардың өкілдерінің жиналысы, бір жағынан, ауылдық жерлерде мемлекеттік қызметтерді орындайтын орган сияқты болып табылады. Бұны, жиналысты кент, село әкімі шақыратыны және оны сондай-ақ аудан (қала) әкімі шақыруы немесе алдыңғы жиналыс құрамының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша шақыруы мүмкін екендігі туралы норма дәлелдейді[2]. Заңда көрсетілгендей, жиналыс өзіне берілген өкілеттілік шегінде шешімдер қабылдайды және оларды орындау тиісті аумақта тұратын барлық азаматтар үшін міндетті болып табылады. Екінші жағынан, жиналыста өзін-өзі басқарудың кейбір белгілері бар. Бұл жиналысқа көшелерден, тұрғын үйлерден, шағын аудандардан немесе басқа аумақтық құрылымдардан азаматтар өкілдері жіберіледі. Ал өкілеттіктің қалыпты мөлшерін поселке, село әкімі немесе аудан (қала) әкімі белгілейді. Алайда, бұндай жиналыстар – демократиялық болып көрінгенімен тұрақты құрылым болып табылмайды. Ол халық өкілдерін жинаудың бір реттік жиыны, селолық әкімшілік басшысының қарауына сәйкес, нақты шақырылым мерзімі болмағандықтан, оған қажет болған жағдайда шақырылады; жиналыс құзіреті өзінде болмағанымен, оны селолық әкімшілік басшысы әзірлейді және шешеді. Жиналыстың құзіреті қандай да бір ұсыныс жасаумен шектелуі мүмкін. Мәслихаттасқан жиналыс мүшелері тарайды; келесі жиналыс әкім қай уақытта шақыруы белгісіз жиналысқа басқа өкілдер келеді, тағы да әкім ұсынған іс-шараларға дауыс береді.

Осындай жиналыстарды өзін-өзі басқару органы деп атауға бола ма? Еуропа Кеңесі 1985 жылғы 15 қазанда қабылдаған «Жергілікті өзін-өзі басқарудың еуропалық хартиясына» назар аударайық. Еуропалық Хартия жергілікті билік органдары демократиялық жолмен құрылады, шешім қабылдауға өкілеттіліктерге ие болады, өз құзіреттеріне, оны жүзеге асыруға қатысты кең автономияға және оған қажетті құралдарға ие деп, есептейді. Еуропалық Хартия келесі анықтама береді: «Жергілікті өзін-өзі басқару деп жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өзіндік жауапкершілігі негізінде және жергілікті халықтың мүддесіне сай мемлекеттік істердің көп бөлігін реттеуге және оны заң аясында әрекет ету құқығы және шынайы мүмкіндігі» [3]

«Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 желтоқсандағы «Жергілікті өкілді органдар туралы» Заңда қарастырған жиналыс Еуропалық Хартияда көрсетілген жергілікті өзін-өзі басқарудың белгілеріне бірде біреуіне сәйкес келмеді.

Қазақстан Республикасының 1995 жылы қабылданған Конституциясы жергілікті биліктің жаңа үлгісін бекітті. Ол оны жергілікті мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару деп екіге бөлді. Конституцияның 89-бабы жергілікті маңызы бар мәселелерді тұрғын халықтың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқаруын таниды. Жергілікті өзін-өзі басқаруды тұрғын халық тікелей жүзеге асырады, сондай-ақ ол мәслихаттар және халық топтары жинақы тұратын аумақтарды қамтитын жергілікті қоғамдастықтардағы басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылатыны анықталды. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру заңға сәйкес берілуі мүмкіндігі және Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігіне олардың заңмен белгіленген өкілеттігі шегінде кепілдік берілді [4].

Конституцияның жоғарыда көрсетілген баптарын одан әрі дамыту үшін, 2001 жылдың 23 қаңтарында «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» ҚР Заңы қабылданды. Бұл парламенттің жергілікті мемлекеттік басқаруды жергілікті өзін-өзі басқарудан ажыратқысы келгенін көрсетеді. Бірақ та, жергілікті мемлекеттік басқаруды жергілікті өзін-өзі басқарудан ажырату олардың өзара шынайы байланыстарына қатысты мүмкін емес. Осыған байланысты аталған заңда жергілікті өзін-өзі басқару туралы бірқатар жайттар бар:

- Мәслихаттың тұрақты комиссиялары көпшіліктік тыңдауларды депутаттардың, атқарушы органдар, өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің, азаматтардың қатысуымен осы комиссиялардың кеңейтілген отырыстары түрінде өз қарауына жататын мейлінше маңызды және қоғамдық мәні бар мәселелерді талқылау мақсатында өткізеді («Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» ҚР Заңының 13 бабы);

- Мәслихаттың тұрақты комиссиялары өз жұмысына жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдерін және азаматтарды тартуға құқылы (14 бап);

- Мәслихат хатшысы жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимылды ұйымдастырады және жергілікті өзін өзі басқару ұйымдарымен және қоғамдық бірлестіктерде қарым-қатынаста мәслихат атынан өкіл болады (19 бап);

- Мәслихат депутаты жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және ұйымдармен кездесулер мен жиналыстар өткізуге құқылы (21 бап);

- облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімі аудандардың (облыстық маңызы бар қаладағы ауданның, астанадағы ауданның) әкімдері арқылы жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасайды (29 бап);

- аудан (облыстық маңыздағы қала) әкімі жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасайды (33 бап);

- республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы) аудан, аудандық маңызы бар қала, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасайды (35 бап) [5].

Жоғарыдағы қарастырылатын сұрақтар ішінде бір мәселе түсіндіруді қажет етеді. Мәслихаттар да, әкімдер де жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара әрекеттесуі керек. Жергілікті өзін-өзі басқару - бұл «халықтың билігі», және осы заңға сәйкес, олар әкімдер мен мәслихаттарға толығымен бағынады. Бұл сәйкессіздікті жою қажеттігі туындады. 2009 жылы бұл заңның тақырыбы мен мазмұнына өзгерістер енгізілді. Енді құжат «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңы деп өзгертілді. Жалпы 2001 жылғы түпнұсқамен салыстырғанда қазіргі кезге дейін 91 рет өзгерістер енгізілген. Бұл осы саладағы өзгерістердің сипатын анықтайды.

Соңғы 2018 жылдың 5 қарашасындағы өзгерістерді ескере отырып құжатты талдайтын болсақ, бұл Заңда «жергілікті өзін-өзі басқару – халық тікелей жүзеге асыратын, сондай-ақ мәслихаттар және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылатын осы Заңда, өзге де нормативтік құқықтық актілерде айқындалған тәртіппен жергілікті маңызы бар мәселелерді өзінің жауапкершілігімен дербес шешуге бағытталған қызмет» деп анықтама беріледі. Сонымен бірге, жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысты келесі ұғымдар енгізілген:

- «жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган»;

- «жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық кеңесі»;

- «жергілікті өзін-өзі басқару органдары» [6].

Сонымен бірге, Заңда жергілікті өзін-өзі басқару облыс, аудан, қала, қаладағы аудан, ауылдық округ, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кент пен ауыл шегінде жеке жүзеге асырылатыны және жергілікті өзін-өзі басқаруды жергілікті қоғамдастық мүшелері тікелей, сондай-ақ, мәслихаттар мен басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырады деп көрсетілген. Облыстың, ауданның, қаланың, қаладағы ауданның, ауылдық округтің, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кент пен ауылдың әкімі мемлекеттік басқару функцияларымен қатар жергілікті өзін-өзі басқару органдарының функцияларын да жүзеге асыратыны нақтыланған [6].

Осы заңда азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысуының негіздері арнайы тараумен айқындалады. Азаматтың жергілікті қоғамдастық мүшесі деп тануға

жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын әкімшілік-аумақтық бөлініс шекарасының аумағындағы тұрғылықты жері бойынша оны тіркеу фактісі негіз болып табылады. Басқа шарттардың белгіленуіне жол берілмейтіні көрсетіледі.

Заңда маңызды институтқа - жергілікті қоғамдастыққа айрықша тоқталған. Жергілікті қоғамдастық - шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы. Жергілікті қоғамдастық мүшелерінің құқықтары анықталған:

- тікелей, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдары арқылы жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруға;

- сайланбалы жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға;

- жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жеке жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқықтары бар.

Жергілікті қоғамдастық мүшесінің жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысу құқықтарын шектеуге жол берілмейді және сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін. Жергілікті қоғамдастық мүшелері Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын сақтауға міндетті.

Заңда жергілікті қоғамдастық жиыны мен жергілікті қоғамдастық жиналысының қарастыратын мәселелері бөліп көрсетілген [6]. Төмендегі кестеде жергілікті қоғамдастық жиыны мен жергілікті қоғамдастық жиналысының қарастыратын мәселелері ықшамдалып берілген.

Кесте 1

**Жергілікті қоғамдастық жиыны мен жергілікті қоғамдастық
жиналысының қарастыратын мәселелері**

<i>Жергілікті қоғамдастық жиынының қарастыратын мәселелері:</i>	<i>Жергілікті қоғамдық жиналысының қарастыратын мәселелері:</i>
<ul style="list-style-type: none">- жергілікті қоғамдастықтың міндеттері және іске асыру мерзімдерін айқындау;- төрт жыл мерзімге жергілікті қоғамдастық жиналысының қатысушылардың құрамын айқындау;- мәслихаттар мен әкімдерге, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жергілікті маңызы бар мәселелер жөнінде ұсыныстар енгізу;- әкімдердің жергілікті өзін-өзі басқару функцияларын жүзеге асыру мәселелері бойынша олардың есептерін тыңдау және талқылау;- аудандағы әкімдерінің жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспардың іске асырылу қорытындылары туралы жыл сайынғы есептерін тыңдау және талқылау;- аудан мәслихатының атқарған жұмысы, оның тұрақты комиссияларының қызметі туралы мәслихаттың есептерін тыңдау және талқылау;- жергілікті қоғамдастық жиыны айқындаған жергілікті маңызы бар өзге де мәселелер бойынша өткізіледі.	<ul style="list-style-type: none">- жергілікті дамыту бағдарламаларының жобаларын талқылау және қарау;- жергілікті бюджеттің жобасын және бюджеттің атқарылуы туралы есепті келісу;- жергілікті коммуналдық меншікті басқару жөніндегі шешімдерін келісу;- жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс көздерін қалыптастыру және пайдалану мәселелерін талқылау;- жергілікті бюджеттің атқарылуын мониторингтеу мақсатында комиссиясын құру;- аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімін сайлауды өткізуге аудан мәслихатына одан әрі ұсыну үшін аудандық аудан әкімі ұсынған кандидатураларды келісу;- жергілікті әкімін лауазымынан босату туралы мәселеге бастамашылық жасау.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдірудегі маңызды қадам - 2012 жылы 28 қарашадағы ҚР Президентінің жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту Тұжырымдамасының» қабылдануы болды. Бұл

Тұжырымдама жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі бағдары мен қағидаттарын бекітті. Тұжырымдаманы іске асырудың екі кезеңі айқындалған:

- бірінші кезең (2013–2014 жылдар) – басқарудың төменгі деңгейлеріндегі қолданыстағы жүйенің әлеуетін кеңейту;
- екінші кезең (2015–2020 жылдар) – жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту [7].

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару институтының құқықтық негіздері құқықтық негіздерінің біршама қалыптасқанын байқауға болады. Жергілікті өзін-өзі басқарудың дамыту бойынша бастамалар көтерілген саяси құжаттарға қысқаша шолу жасасақ. Біздің елдің тәжірибесі көрсеткендей, саяси бастамалардың көпшілігі Президенттің Қазақстан халқына жолдауларында көрініс береді. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бастамасын 2000 жылы 16 қазандағы ҚР Президенті Н.Назарбаев «Еркін, тиімді және қауіпсіз қоғамға» атты Жолдауында азаматтық қоғам институттарын нығайту туралы айта отырып көтереді. «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Заңды қабылдау қажеттігі және осы заңға сәйкес, ауылдарда және кенттерде, сондай-ақ қалалық типтегі елді мекендерде және қала мөлтек аудандарында жергілікті өзін-өзі басқарудың жергілікті органдары құрылады, жергілікті мәселелерді шешу үшін нақты өкілеттіктер берілетіні туралы айтқан болатын [8].

2012 жылы қабылданған «Қазақстан-2050» стратегиясында Президент мәслихат арқылы ауыл әкімдерінің сайланбалылығын енгізгені туралы шешім қабылдағаны туралы жариялады [9]. Ауыл, кент және аудандық маңызы бар қалалар әкімдерін аудандық мәслихат депутаттарының сайлау үрдісі 2013 жылдан бастап жүзеге асырыла бастады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы ұсынған «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» атты бағдарламасының 97-ші және 98-ші қадамдарында өзін-өзі реттеу мен жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту және селолық округ, ауыл, село, кент, аудандық маңыздағы қала деңгейінде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті енгізілетіні жоспарланды [9]. Бұл шаралар да біртіндеп жүзеге асырылуда.

Қорытынды. Қорытындылай келе айтатын болсақ, жергілікті өзін-өзі басқарудың құқықтық негіздері қалыптасты. Ендігі кезекте саяси бастамаларды және заңнаманы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту үшін қолдану, қажет болған жағдайда жергілікті халықтың мүддесіне орай жақсарту қажет. Сауатты ұйымдастырылған жергілікті өзін-өзі басқару азаматтардың жағдайын жақсартуға және демократияны одан әрі дамытуға себепші болатыны анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Воронов В. Историко-правовые аспекты развития института местного самоуправления в Республике Казахстан // Проблемы и перспективы развития системы местного государственного управления и самоуправления в Республике Казахстан: Матер. Междунар. конф., Общественный фонд «Трансперенси Казахстан», Алматы, 2001. - С.7-11.
2. «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» ҚР-ның Заңы 1993 жылғы 10 желтоқсан N 4100 [Электронды ресурс]. – 1993 – URL: - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930004100> (қарастырған мерзімі: 12.03.2019).
3. Европейская хартия местного самоуправления [Электронды ресурс].– 1985 - URL: - <https://www.coe.int/ru/web/conventions/full-list/-/conventions/treaty/122> (қарастырған мерзімі: 12.03.2019).
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы. -Алматы.: Nurpress, 2018. -40 б.
5. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» ҚР-ның Заңы 2001 жылғы 23 қаңтар N 148-II [Электронды ресурс].– 2001- URL: - http://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/Z010000148_/25.04.2001(қарастырған мерзімі: 16.03.2019).

6. Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 қарашадағы №438 Жарлығы [Электронды ресурс].– 2001- URL: - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1200000438> (қарастырған мерзімі: 16.03.2019).

7. 2000 жылы 16 қазандағы ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Еркін, тиімді және қауіпсіз қоғамға» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егеменді Қазақстан, 17 қазан 2018 ж. №233.

8. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқына жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты [Электронды ресурс].– 2001- URL: - http://www.akorda.kz/kz/addresses/_addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2012-zhylgy-14-zheltoksan (қарастырған мерзімі: 17.03.2019).

9. 100 нақты қадам. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы // Егеменді Қазақстан, 20 мамыр 2015 ж. №92.

Е.Т. Жумагулов, Д.Е. Копежанова

Евразийский национальный университет им Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Анализ политическо-правовых основ становления института местного самоуправления в Республике Казахстан

Аннотация. При возникновении необходимости дальнейшей демократизации Казахстана возникает проблема развития местного самоуправления. Но при этом возникает вопрос о том, имеет ли институт местного самоуправления необходимую правовую основу для нормального функционирования? Это определяет причину написания данной статьи.

Основной целью статьи является рассмотрение политических и правовых основ института местного самоуправления. Для достижения этой цели был проведен описательный и сравнительный анализ стратегических документов и нормативных правовых актов, ставших основой становления местного самоуправления.

В результате исследования на начальном этапе были уместны политические инициативы местного самоуправления, но его правовая база не соответствовала стандартам, принятым в мировой практике. Однако изменения в законодательстве, касающиеся развития системы местного самоуправления и принятия концепции, изменили ситуацию. Теперь вопрос состоит в том, чтобы определить, соответствуют ли эти законы реальной ситуации.

В перспективе материалы данной статьи могут быть использованы в процессе подготовки программ развития местного самоуправления, для подготовки лекций по дисциплинам в области политологии, государственного управления и политического менеджмента.

Ключевые слова: управление, местное самоуправление, местное государственное управление, местное сообщество, законодательство о местном самоуправлении.

E.T. Zhumagulov, D.E. Kopezhanova

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Analysis of the political and legal foundations of the institution local government in the Republic of Kazakhstan

Abstract. When the need arises for the further democratization of Kazakhstan, the problem of the development of local self-government arises. But this raises the question of whether the institution of local self-government has the necessary legal basis for normal functioning. This determines the reason for writing this article.

The main purpose of the article is to examine the political and legal foundations of the institution of local self-government. To achieve this goal, a descriptive and comparative analysis of strategic documents and regulatory legal acts that became the basis for the formation of local self-government was carried out.

As a result of the research, political initiatives of local self-government were appropriate at the initial stage, but its legal base did not meet the standards accepted in world practice. However, changes in legislation concerning the development of the system of local self-government and the adoption of the concept have changed the situation. Now the question is to determine whether these laws correspond to the real situation.

In the future, the materials of this article can be used in the process of preparing programs for the development of local self-government, for preparing lectures in the disciplines of political science, public administration and political management.

Keywords: management, local government, local government, local community, local government legislation.

References

1. Voronov V. Istoriko-pravovyye aspekty razvitiya instituta mestnogo samoupravleniya v Respublike Kazakhstan [Historical and legal aspects of the development of the institution of local government in the Republic of Kazakhstan], Problemy i perspektivy razvitiya sistemy mestnogo gosudarstvennogo upravleniya i samoupravleniya v Respublike Kazakhstan: Mater. Mezhdunar. konf. Obshchestvennyy fond “Transperensi Kazakhstan” [Mater. Problems and prospects of development of the system of local government and self-government in the Republic of Kazakhstan International conf. Public fund “Transparency Kazakhstan, International conference on Function] (Almaty, 2001, - p 7-11) [in Russian]

2. «Kazakhstan Respublikasının zhergilikti okildi zhane atkarushı organdarı turalı» KR-nın Zani 1993 zhılgı 10 zheltoksan N 4100 [On local representative and executive bodies of the Republic of Kazakhstan” Law of the Republic of Kazakhstan 10th December 1993. N 4100].- Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930004100> (Accessed: 12.03.2019) [in Kazakh]

3. Evropeyskaya hartiya mestnogo samoupravleniya [European Charter of Local Government] - Available at: <https://www.coe.int/ru/web/conventions/full-list/-/conventions/treaty/122> (Accessed: 12.03.2019) [in Russian]

4. Kazakhstan Respublikasının Konstitutsiyası [Constitution of the Republic of Kazakhstan] (Nurpress, Almaty, 2018, 40 p.) [in Kazakh]

5. Kazakhstan Respublikasındagy zhergilikti memlekettik baskaru turaly» KR-nyn Zany 2001 zhulgi 23 kantar N 148-II [«On local self-government of the Republic of Kazakhstan» Law of the Republic of Kazakhstan 23th January 2001. N 148-II]. Available at: http://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/Z010000148_/25.04.2001 (Accessed: 16.03.2019) [in Kazakh]

6. Kazakstan Respublikasındagu zhergilikti ozin-ozı baskarudy damyty tuzhyrymdamasyn bekity turaly Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2012 zhylygy 28 karashadagy №438 Zharlygy №438 [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan on the approval of the approach to the development of local self-government in the Republic of Kazakhstan 2012 year 28th November]. Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1200000438> (Accessed: 16.03.2019) [in Kazakh]

7. 2000 zhyly 16 kazandagy KR Prezidenti N.Nazarbaevtyн «Erkin, tiimdi zhane kayipsiz kogamga» atty Kazakstan halgyna Zholdaу [16th November 2000. The message of the President of Kazakhstan «To a free, efficient and secure society», Egemeny Kazakhstan, 17th October 2018, №233 [in Kazakh]

8. KR Prezidenti N.A.Nazarbaevtyн Kazakstan halhyna zholdaу «Kazakstan-2050» Strategiыы – kalyptaskan memleketin zhana saıası bagyty [The message of the President of Kazakhstan «Kazakhstan-2050» Strategy– the new political course of the existing state]- Available at: http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdaу-2012-zhylygy-14-zheltoksan (Accessed: 17.03.2019) [in Kazakh]

9. 100 nakty kadam. Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin 2015 zhylygy 20 мамыrdagy bagdarlamasy [100 real steps. The program of the President of the Republic of Kazakhstan 20th May 2015], Egemeny Kazakhstan, 20th May 2015, №92. [in Kazakh]

Авторлар туралы мәліметтер:

Жұмағұлов Е. Т. - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің саясаттану кафедрасының PhD докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Көпежанова Д.Е. - PhD, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің саясаттану кафедрасының доценті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Zhumagulov E.T. - PhD, student at the Department of Political Science at the LN Gumilev Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Kopezhanova D. E. – PhD, associate professor of LN Gumilev Eurasian National University, Department of Political Science, Nur-Sultan, Kazakhstan.